

КЫЗЫЛОРДА - АДАЛДЫҚ АЛАҢЫ

Сарқылмасын Сыр – Ана!



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

WWW Qaa.kz

№31
(1467)
01 тамыз
2019 жыл
Бейсенбі

Атаулы әлеуметтік көмекті 12418 көп балалы ана алды

Қызылорда қаласында биылғы жылдың 1 сәуірінен бастап мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті 12418 көпбалалы аналар алған. Олардың басым көшілігі 18 жасқа толмаған бала тәрбие-леп отырғандар. Мұны қала әкімдігінің мәжіліс залында қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың тәрағалымен өткен аппарат отырысында қала-лық жұмыспен қамтый, әлеуметтік бағдарламалар және азamatтық хал актілерін тіркеу белімінің басшысы Гүлмира Рахметова баяндады. Аппараттық мәжілісте бұдан белек Қызылжарма ауылдық округі әкімінің I жартыжылдықта атқарылған жұмыстары да тындалды.

Бұгінде әр айда әр баласы үшін 20789 теңгегі алып отырғандар саны көп. Казіргі таңда Қызылорда қаласы бойынша биылғы жылға берілген 3 млрд. 734 млн. теңге толықтай көп балалы аналар мен аз қамтылған отбасыларға беріліп, қаржы 100 пайыз игерілген.

- Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушылар 4 есеге есті. Олардың саны - 12418. Осы ретте қала бойынша әлеуметтік көмек алушылардың артына байланысты алдын-ала есеп бойынша республикалық бюджеттен қосымша 5 млрд. тенгеге қаржы сұраныс берілп, бүгінгі күнге 3 млрд. тенге белінді. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің жаңынан құрылған мониторингтік топ Қызылорда қаласына келіп, тәлемдерді үйімдастыруда практикалық және әдістемелік көмектер көрсетті, - дейді, қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азamtтық хал аktілерін тіркеу бөлімінің басшысы Гүлмира Шамшидинқызы.

Соныңынан қатар мемлекеттік атаулар әлеуметтік көмекті алу үшін талай адамның жұбайымен қағаз жүзінде ажырасу, тұрақты жалақа алып жүрген жұмысынан шығу, өз мүлкін өзгелердің атына аудару, тапқан табысын азайтып көрсету секілді небір қулықтар жасап, 20789 теңгені алу жолында талай құрбандыққа барғандарын айтты. Тиісті жандарға атаулы әлеуметтік көмекті беру жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын баяндаған Гүлмира Рахметова былтырығы жылы жылдық табыстары 1 млн. теңгеден асатын атаулы әлеуметтік көмек алатын 126 тұлғаның тізімі мемлекеттік кіріс басқармасына беріліп, олардың кәсіпптеріне және тұрмыс жағдайына қайта тексеру жұмыстарының жүргізіліп жатқандығын жеткізді. Алдағы уақытта министрлік тарарапынан белгіленген тәртіп бойынша оларға берілген қаржы бюджетке қайта қайтарылуы мүмкін.

қаржы бюджетке қайта қайтырылуы мүмкін.

Қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу белімі басшысының баяндамасын тындаған қала әкімі мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті беруде қандайда бір ұсыныс немесе мәселелер бар ма деп сұрады. Белім басшысы Гүлмира Рахметова 2019 жылдың акпан айындағы оқиғадан кейін өнірдегі саяси ахуалдың тұрғытылығын сақтау мақсатында 1 сәуірден бастап белімнің барлық мамандары атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау жұмыстарына жұмылдырылса да, орталықта келушілердің саны елі де азаяр емес. Осыланысты жұмыспен

қамту орталығының пункттерін көбейтіп, ғимаратты кеңейтіп беруінізді сұраймын деді. Бұл бойынша Гүлмира Рахметованың ұсынысын бірден құптаған қала әкімі алдағы уақытта мекемені «Жастар ресурстық орталығына» көшіру керектігін айтты.

Аталған ұсыныс бойынша Нұрлыбек Нәлібаев өзінің орынбасары Бектас Нұридинов пен қалалық қаржы бөлімінің басшысы Сейітмахан Нұралыұлына осы ұсынысты бір аптаның көлемінде шешіп, жаңа ғимаратқа көшуді тездетуді тапсырды.

Таң атар - атпастан жұмыспен қамту орталығының алдына келіп кезек алатын қызылордальцтар саны әлі азаяр емес. Келушілердің барлығының бірдей жағдайы тым нашар деп айтуға келмейді. Олардың арасында өз жағдайларын қолдан жасап алатындар жоқ емес. Тіпті, ғимаратқа басакөтеп кіріп мемлекет беріп отырған атаулы әлеуметтік көмекті мерзімінен бұрын аударындар деп талап қоюшылар да бар. Орталық алдында кезек күтіп отырып-ак бір-бірімен тез тіл табысып кететіндер келесі күні ғимаратқа кіріп өз жұмыстарын жасап отырған қызметкерлерге тиісетіндер де баршылық. Бөлім басшысының айтуынша, аналардың біразы түрлі бассызыдышқа барып, өз міндеттерін орынданап отырған қызметкерлерге жұмыс жасауда кедерігі келтіреді екен. Осы бойынша қала әкімі тиісті сала мамандарына қандай жағдай болғанда да сабырлылық танытып, тіпті қажет болса әр адаммен жекелей сөйлесіп барлығын түсіндіре білуіміз керек деді.

Қызылжармалықтардың мәселесі шешіледі ма?

Күн тәртібіндегі екінші мәселе, Қызылжарма ауылдық округі бойынша атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы болды. 7523 турекінің бар Қызылжарма ауылдық округінің акімі

турғыны бар Қызылжарма ауылдық округінің әкімі Бауыржан Оспанов мәжілісте биылғы жылдың 1 жартыштырылдығы бойынша ез баяндамасын оқыды.

- Жоспарланған бюджет каржысы 108,6 млн.тәнгеге игеріліп, 100 пайыз орындалды. Ағымдағы жылы округтегі Өмірзак Махамбетов көшесіне 17,4 млн.тәнге қаржы бөлініп, орташа жол жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сонымен қатар, өнірлерді дамыту бағдарламасы аясында 6,8 млн тенгеге З кешеге тас теселлі. Бұдан

6,8 млн.тәнгеге 3 көшеге тас төсөлді. Бұдан бөлек, демеушілер есебінен Әбдірайымов, Абай түйіғы мен Сегізарық көшесіне тас төсөліп, 12 көшеге тегістуя жұмыстары жүргізілді. Алдағы тамыз айында ауыл көшелеріне ағындағы жөндөр жұмыстарын жүргізу жоспарлануда. Елдімекенді жарықтандыру мақсатында 2 млн. 148 мың тәнгеге округтегі Әбенов, Қарабалаев көшелеріне 55 түнгі жарық шамдары орнатылып, халық иғілігіне берілді. Ендігі кезекте атаптаған көшелерге аялдамалар орнату жұмыстары басталды. Қаржысы 1 млн. 200 мың тенгені құрайды. 2 млн. 200 мың тәнгеге ауылдық округтегі кіреберіс қақпаға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді және жаңа ултідегі шағын сүзілеттік нысандар орналастырылды. - дейлі Қызылжарма зұныңдың

округінің әкімі Бауыржан Әліпбайұлы

Қызылжармалықтар үшін біраз тындырымды тірліктер жасалған сыңайлы. Округ әкімінің айтуынша, ауылдағы балаларға арналған спорт алаңдары жақында жөндеуден өткен. Сонымен қатар, бюджет қаржысынан бөлек №144 орта мектеп, «Сырдидары» балабақшасы, мәдениет үйі, орталық мешіт пен тағым алғандарын жарық шамдарымен безендірген. Округтің шет аймақтарындағы тұрғындардың етініш назардан тұыс қалдырмаған ауыл әкімі Бауыржан Оспанов демеушілер есебінен арнағы алынған техникалық жабдықтар арқылы 30-ға жуық отбасының ауыз су мәселесін шешкен.

Баяндама соңында қалалық маслихат хатшысы Роза Боханова Қызылжарма ауылдық округінің әкіміне түрғындар тараапынан келіп түскен мәселенің жеткізді.

- Округте қай сала болмасын алға жылжу бар екені байқалады. Жақында «Nur Otan» партиясының облыстық, қалалық филиалы және облыстық, қалалық маслихат депутаттардың қатысуымен елдімекендерді аралап, халықпен кездесіп жеке қабылдаулар өткізген болатынбыз. Атап айттар болсам, 23 шілде күні дәл осында қабылдау Қызылжармада болды. Сол кезде бір-екі мәселелер айтылды. Сіз Абай, Махамбетов көшелеріне жәндеу жұмыстарының жүргізілгенін айттыңыз, алайда Қ.Нағашыбай есімді ауылдық округ тұрғыны Абай көшесінің соңғы жағы, Әбенов көшесінің аяқ жағы яғни, мектеп айналасындағы көшелердің құрделі жөндеуді қажет ететінің жеткізді. Аталған көшелерде жарық, ауыз су, аяқ су секілді мәселелер де шешілмегендігін айтты. Осы мәселелерді зерттесеңіздер. Бізге мәселе-сімен келген азаматтарға біз жауап беруіміз керек, - деді Роза Боханова.

- деді Роза Боханова.

Аталған мәселе бойынша ауылдық округ әкімі: «Әбенов көшесінің аяғы бұрынғы ауылдың территориясымен есептесек, ол жақтарға асфальт төсегелген. Көше қазіргі таңда жаңадан қоныстанған елдімекендердің аяғына қарай созылды. Сол себепті түрғындар сондай шағымдар түсіріп жатыр. Ол жақтағы көшелерге қатысты мәселе-лердің шешілүіне қажетті қаржы бойынша облыстық басқармаларға өтінім берілді. Қазіргі таңда, басқа да жөндеуді қажет етіп тұрған 43 көше бар. Алдағы уақытта, барлығы өз шешімін табады» деп жарап кайтарды.

Барлық ұсыныстар мен сұрақтарды тындаған кала әкімі тиісті басшыларға бірқатар тапсырым жүктеді. Мәселен: мұндағы кезек күттірмейтін №144 орта мектепке қатысты (көше, жарық бағаналарын орналастыру секілді) мәселе 1 қыркүйекке дейін оң шешімін табу керек. Және тұрғындар көп шоғырланатын жерлердегі жарықтандыру мәселесін шешу қажеттігін ескертті. Сондай-ақ, кәсіпкерлікті дамыту бағытында тиісті қаржы үйымдарымен бірлесіп, ауылдағы азаматтардың таралынан несие алуға ұсынылған жобаларды қаржыландыру бойынша нақты әрі сапалы жұмыс жүргізуі тапсырыды.

Т.КЕНЖЕБАЕВА



Ақсуат - Кызылорданың бір ауылы

Қала әкімі Нұрлыйбек Нәлібаев пен облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов Ақсұат ауылдық округінде күрделі жөндеуден өткізіліп жатқан «Асыл-ай» бөбекжай балабақшасының жұмысымен танысып, ауыл тұрғындарымен кездесті. Ауыл балаларының құтты орны саналатын балабақша ағымдағы жылдың тамыз айында пайдалануға берілмек. Қазіргі таңда соңғы даярлық жұмыстары пысықталып, мекеменің бу қазандықтары орналастырылуда. Заманауи үлгіде салынып жатқан 120 орындық балабақшада 5 топ жұмыс жасайды. Ауылдық округ орталығынан бой көтерген балабақшада 55 адам тұрақты жұмыспен қамтылмақ. Барлығы да ауыл тұрғындары болады деп күтілуде. Балабақша мамандары қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы оку курсарында білімдерін жетілдіріп, ауылдық округтегі балабақшага қызмет ететін болады. Бұл да халықта керсетіп жатқан мемлекеттің қолдауы.

- Балабақша ашылса халықа зор куаныш болар еді. Бұрын ауыл балалары ескі ғимаратта тәрбиеленетін. Міне, енді жаңа да, жайлыштар ғимаратта тәрбиеленетініне дән ризамыз. Елағаларны улкен алғыс айтамыз. Қала әкімінің, қыбылдауында болып ауылға көшө жарықшамдары көттеп койылса, жолдарда балалар өтетін жолактар койылса деген етіңштерімді айтып, оған тузыымды жауаптар алдым.

Иә, «Үздік ауыл» номинациясын жеңіп алған Ақсат ауылы қаламен қатар дамып келе жатқан округтердің бірі. Ауыл әкімі халықпен бірлесіп көптеген іргі жұмыстар жасап жатқаны ел назарында. Ауылдың берекелі тірлігі көпке үлгі боларлық. Ақсаттың алар асуы әлі алда



н алар асусы өлі алда

